

Қауымдық сервитут белгілеу туралы

Қостанай облысы Әуликөл ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 21 қазандағы № 224 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 22 қазанда № 8713 болып тіркелді

2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 17-бабына, 69-бабының 4-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына сәйкес Әуликөл ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "ҚазТрансГаз Аймақ" акционерлік қоғамының Қостанай өндірістік филиалына коммуналдық, инженерлік, электр және басқа да желілер мен тораптарды жүргізу мен пайдалану мақсатында Қостанай облысы Әуликөл ауданы аумағында орналасқан жалпы көлемі 0,0067 гектар жер учаскесіне қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "Әуликөл ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулыны ресми жарияланғанынан кейін Әуликөл ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Әуликөл ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Е. Теменов